

Бекітемін

№8 «Болашақ» бөбекжай-бақшасы
менгерушісі  Левченко И.Г.



№8 «Болашақ» бөбекжай-бақшасы МКҚК қамқоршылық кеңесінің

2022-2023 оқу жылының жоспары

№	Өткізілетін іс-шара	Мерзімі	Жауапты
1	1. Қамқоршылық кеңесінің ережесімен танысу 2. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту	Қаңтар 2023	Қамқоршылық кеңес мүшелері
2	1 Мектепке дейінгі ұйымдардағы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау 2. Балабақшаның жұмыс жоспарымен, қойылатын мақсат, міндеттерімен танысу.	Мамыр 2023	Қамқоршылық кеңес мүшелері
3	Жазғы сауықтыру шараларын талқылау қорытындыда	Тамыз 2023	Қамқоршылық кеңес мүшелері
4	Бала құқығының қорғалу жағдайы бойынша. атқарылып жатқан жұмыстарымен танысу	Желтоқсан 2023	Қамқоршылық кеңес мүшелері

№8 «Болашақ» бөбекжай-бақшасы МКҚК қамқоршылық кеңесі отырысының

№ 1 хаттамасы

Өткізілген күні: 26.01.2023 жыл

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, балабақша әдіскері, қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Күн тәртібі:

1. Қамқоршылық кеңесінің ережесімен таныстыру.
2. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, бөбекжай-бақшасының меңгерушісі И.Г.Левченко бөбекжай-бақшасында ұйымдастырылып жатқан Қамқоршылық кеңесінің жұмыс мазмұнымен таныстырды. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы РК Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығымен «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік кағидаларына» сәйкес жүргізілетінін айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары талқыланды. Менгеруші И.Г.Левченко қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарына бөбекжайдағы мемлекеттік қызмет көрсетуді, тамақтануды ұйымдастыру, бөбекжайдағы білім беру қызметінің сапасы сияқты мәселелерді қоюға болатыны жайлы ұсыныс айтты.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері осы мәселелер бойынша жұмыс жоспарының бекітілуіне келісті.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:

1. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:

Мурзагалиева Ж.

Хатшы:

Кубентаева У.А.



№8 «Болашақ» бөбекжай-бақшасы МКҚК қамқоршылық кеңесі отырысының

№ 2 хаттамасы

Өткізілген күні: 15.05.2023 жыл

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, балабақша әдіскері, қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Күн тәртібі:

1. Мектепке дейінгі ұйымдардағы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау,
2. Балабақшаның жұмыс жоспарымен, қойылатын мақсат, міндеттерімен танысу.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, бөбекжай-бақшасының меңгерушісі И.Г. Левченко балаларды бөбекжай-бақшасына қабылдау тәртібі туралы айтты. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері балабақшаға балаларды қабылдау өз заңдылығына сәйкес жүргізілгенін айтты.

Екінші мәселе бойынша, бөбекжай-бақшасының меңгерушісі И.Г. Левченко бөбекжай-бақшасының жұмысын, жоспарымен қойылған мақсат, міндеттерімен таныстырып өтті.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері жұмыс жоспары бойынша пікірлерін білдірді. Ж.Мурзагалиева жоспар жобасымен келісімен, өзекті мәселелер қамтылғанын, балалардың жан-жақты дамуы үшін маңызды міндеттер қойылған- деп өз пікірін білдірді.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:

1. Балаларды балабақшаға қабылдау тәртібі белгіленген стандартқа сәйкес жүргізілді деп есептелсін.
2. Бөбекжай-бақшаның жұмыс жоспарымен танысып қолдайтындарын білдірді.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:

Хатшы:



Мурзагалиева Ж.

Кубентаева У.А.

№8 «Болашақ» бөбекжай-бақшасы МКҚК қамқоршылық кеңесі отырысының

№ 3 хаттамасы

Өткізілген күні: 29.08.2023 жыл

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, балабақша әдіскері, қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Күн тәртібі:

1. Жазғы сауықтыру шараларын талқылау қорытындау. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, балабақша медбикесі Даулова Галия жазғы сауықтыру мезгілінде балабақшада жүргізілетін шынықтыру шаралары жайлы хабарлама жасады. Ол өз хабарламасында күнмен, сумен, ауамен шынықтыру түрлерін атап көрсетті. Жазғы уақыт бала ағзасын шынықтыруға қолайлы уақыт екенін атап айтты. Құммен ойын барысында, таза ауадағы серуен кезінде бала ағзасы күнмен шынығатынын, жабық бассейіндегі сумен ойындар кезінде, сумен шынығу жұмыстары жүргізілетінін, таза ауадағы таңертеңгі жаттығулар, таза ауадағы серуен, қимылды ойындар баланың ауамен шынығуына мүмкіндік беретін айтты. Шынықтыру шараларын жүргізу әдістемесіне тоқталды.

Балабақша әдіскері Р.Калдыбаева жазғы сауықтыру мезгілінде жүргізілген іс-шаралар жоспарға сәйкес өткізілгендігін айтып өтті. Атап айтқанда, балаларға арналған мультфильмдер көрсетілімі, спорттық эстафеталық сайыс, шығармашылық галерея, ертегі қойылымдары, би фестивалі сияқты іс-шаралар өткізілді.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды: 1. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру іс-шаралар өз деңгейінде өткізілді.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы

Мурзагалиева Ж.

Хатшы

Кубентаева У.А.



№8 «Болашақ» бөбекжай-бақшасы МКҚК камқоршылық кеңесі отырысының

№ 4 хаттамасы

Өткізілген күні: 15.12.2023 жыл

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, балабақша әдіскері, камқоршылық кеңесінің мүшелері

Күн тәртібі:

1. Бала құқығының қорғалу жағдайы бойынша аткарылып жатқан жұмыстарымен танысу.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, бөбекжай әдіскері Р.А. Калдыбаева бала құқығының қорғалуы бойынша хабарлама жасады. Ол өз хабарламасында 2002 жылы Қазақстанда қабылданған «Бала құқығы туралы» Заңның баптарында көрсетілген бала құқығын қорғау бойынша балабақшада аткарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Баланың денсаулық сақтау құқығы бойынша балабақшада аурудың алдын алу, сауықтыру-шынықтыру жұмыстары, дене шынықтыру оқу қызметтері мен іс шаралар жүргізілетінін, сондай-ақ осы шараларды жүзеге асыру үшін қолайлы орта қалыптасқанын айтты. Баланың білім алу құқығы бойынша балабақшада тәрбиелеумен қатар оқыту процесі жүзеге асырылатынын ескертті.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:

1. Бөбекжай-бақшадағы бала құқығын қорғау жұмыстары өз деңгейінде деп есептелсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы

Хатшы



Мурзағалиева Ж.

Кубентаева У.А.